

ЖҰМАБАЕВА ЖАНАР ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

Түркі тілдеріндегі дауыстылардың фонологизациялануы

10.02.06 — түркі тілдері

**Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертацияның
авторефераты**

*Анары апайға
ізі менетпен*

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2006

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалған

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы,
профессор **З.М.Базарбаева**

Ресми оппоненттер: филология ғылымдарының докторы,
профессор **Б.Сағындықұлы**

филология ғылымдарының кандидаты
Б.Сүйеркүл

Жетекші ұйым: Р.Б.Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты

Диссертация 2006 жылы “ 29 ” ноябрь сағат 14⁰⁰-де
ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
жанындағы 10.02.06 – түркі тілдері және 10.02.02 – қазақ тілі
мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д.53.38.01
диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады (050010, Алматы
қаласы, Құрманғазы көшесі, 29).

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық
ғылыми кітапханасында танысуға болады (050010, Алматы қаласы,
Шевченко көшесі, 28).

Автореферат 2006 жылы “ 23 ” ноябрь таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, филология
ғылымдарының докторы, профессор

Манкеева А.Манкеева

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл білімінде өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып немесе қайта қалыптасып жататын дыбыстардың табиғатын, даму жолдарын анықтайтын тарихи фонетиканың маңызы зор. Оның ішінде дыбыстар жүйесіндегі дауыстылардың фонологизациялану құбылысын тарихи тұрғыдан қарастырудың мәні ерекше. Түркітануда түркі тілдеріндегі дыбыстар жүйесінің фонетика-фонологиялық жағы мен даму жолын сипаттауға қатысты А.М.Щербактың, Н.А.Баскаковтың, М.А.Черкасскийдің және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Осы еңбектер біздің зерттеуіміздің негізгі теориялық-әдістемелік бағытын белгілейді.

Түркі (қазақ) тілдеріндегі дауысты дыбыстар жүйесі қазіргі қалпына бірден жете қоймағаны анық. Дауысты дыбыстардың даму жолы ұзақ тарихи кезеңді қамтиды. Тілдің даму барысында вокализм фонетика-фонологиялық өзгерістерге ұшырап, түрленгені, жүйеленгені белгілі. Атап айтқанда, дыбыстар жүйесіндегі дауыстылар сөздің мағынасын ажыратушы бірлік ретіндегі қызметіне сәйкес дамыды, қысқарды, сұрыпталды, фонемалармен толықтырылды. Бірнеше заманның бізге белгісіз кезеңдерін, тіпті қазіргі уақыттың кеңістігін қамти отырып фонологизацияланды. Ол тілдің даму заңдылықтары, диалектілік ерекшеліктердің өзара әсері негізінде көрініп жатты. Яғни дауысты дыбыстардың фонема деңгейіндегі көрінісінің қалыптасуы — тарихи құбылыс. Мұндай процесс белгілі бір тілдік заңдылықтар әрекет еткенде ғана жүзеге асырылады. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың функциялық мәні, яғни фонема деңгейінде жұмсау аясы, даму жолындағы дыбыс өзгерісі тілдің жалғамалылық (агглютинативтік) құрылысымен, үндестік заңы, ассимиляция мен диссимиляция, дивергенция, конвергенция құбылыстарымен тығыз байланысты. Дыбыс өзгерісіндегі бұндай құбылыстар қазіргі қалыптағы дауыстылардың жүйеленуіне ықпал етеді. Оның негізінде туыстас тілдерге ортақ дауыстылар мен даму жолдарының процесіне қарай өзіне тән ерекшелік жатыр. Осымен байланысты тілдегі элементтердің, категориялардың, құбылыстардың түрлі-түрлі даму жолдарын ашу, тексеру, зерттеу көне мен жаңаның арасындағы сабақтастықты айқындау мен анықтауға алып келеді.

Дауысты дыбыстардың даму жолы тарихи тұрғыдан белгілі түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанмен, вокализмнің қалыптасу процесі бүтін жүйе ретінде емес, жеке-жеке сөз болады. Нақты айтқанда түркітануда дауысты дыбыстардың фонологизациялану процесін арнайы зерттеу нысаны етіп, оның даму жолын ұсынаын зерттеулер аз. Мысалы, қазақ тіл білімінде дауысты дыбыстар мәселесі синхрондық тұрғыда қарастырылып келгені белгілі. Ал дыбыстардың фонологизациялану құбылысын ашып беретін диахрониялық фонология мәселесі назардан тыс қалып келді. Сондықтан диахрониялық фонологияда бүтін жүйе ретінде қарастырылатын дыбыстардың жеке эволюциясы әлі де зерттеуді қажет етіп отыр. Бұл мәселенің мән-маңызы дауысты дыбыстардың қалыптасу процесін кезек-кезеңге бөліп қарастыру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың фонема деңгейіне дейін көтерілген функциясының кезек аралығында қарастырылуы — заңды құбылыс.

Зерттеулерде түркі тілдерінде тіл-тілге қарай жеке-жеке жіктелген дауыстылардың ата тілдегі ортақ сипаты оң алты дауысты дыбыс жүйесінен тұрғаны көрсетіледі. Сондай-ақ, дауысты дыбыс жүйесінің даму жолы беріледі де, соған байланысты түркі тілдеріне төн деп жүрген сегіз дауысты дыбыс жүйесінің қазіргі қалпы қандай өзгерістер мен ерекшеліктерге иеленгенін анықтау мәселесі туындайды. Осы мақсатқа сәйкес түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың даму жолын бір-бірімен салыстыра отырып, ата түркі тіліндегі күйін көрсетуге, яғни тілдерді салыстыру барысында қайта қалпына келтіруге болады. Соның нәтижесінде жеке тілдердегі дауыстылардың ерекшеліктері арқылы ортақ сипаты анықталады. Демек, диахрониялық фонология бүгінгі тіліміздің фонетикалық жүйесінің құрылымы мен жүйелік заңдылықтарының қалыптасуын, даму ерекшеліктерін түсіндіруге негіз жасайды. Бұл арада “Даму ерекшеліктері” деген ұғым бір тілдің өзімен ұялас, өзімен түбірлес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, айырықшалану, соның нәтижесінде дербестену жолдары дегенді білдіреді.

Жоғарыда айтылған мәселелер түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолы мен даму жүйесін анықтау диахрониялық фонологияның өзекті мәселесінің бірі екенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының нысаны. Түркі вокализмінің тарихи даму жолын анықтау.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертация жұмысының мақсаты – түркі (қазақ) тілдеріндегі фонема деңгейіне жеткен дауысты дыбыстардың түркі ата тіліндегі сипаты, функциясы мен құрамы қандай күйде болғанын және фонологизациялану процесін анықтау; вокализмінің даму жолын қамтыған бірнеше кезеңдер аралығын жіктеп көрсету.

Зерттеудің мақсатына қарай зерттеу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- диахрониялық фонологияның зерттеу нысанына жататын дауысты дыбыстардың тарихи даму кезеңдерін жіктеп көрсету;
- қазіргі түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың үкәастықтары мен ерекшеліктерін салыстыра отырып, көне түркі тіліндегі вокализмінің қалпын анықтау;
- конвергентті және дивергентті құбылыстардың негізінде қалыптасқан аллофондардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолдарын түсіндіру;
- салыстырмалы әдіс негізінде көне түркі тіліне төн сегіз дауысты дыбыстың жүйесін тіл-тілге қарай саралай отырып, қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмінің сипатын көрсету;
- фонеманың сырын анықтайтын *ашық/қысаң, жуан/жіңішке* айырым белгідегі дауысты дыбыстардың көне түркі тіліндегі сипатын апу;
- қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдерді бір-бірімен салыстыру арқылы көне түркі тіліндегі *созылыққы/қысқа* айырым белгісі бар дауысты дыбыстардың сипатын анықтау;
- қазіргі қазақ, өзбек, татар әдеби тілдеріндегі дауысты дыбыстардың фонетика-фонологиялық ерекшеліктері мен үкәастықтарын салыстыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері:

- диахрониялық фонологияның нысанына айналған дауысты дыбыстардың фонологизациялану құбылысы дыбыстардың жүйесін қайта қалпына келтіру негізінде анықталды;

- конвергентті және дивергентті құбылыстардың негізінде вокализмнің даму жолы көне түркі тілінен келе жатқан сегіз дауысты дыбыс жүйесін кезек-кезегіне жіктеп қарастыру арқылы түсіндірілді;

- түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың ерекшелігі мен ұқсастықтарын салыстыру негізінде түркі ата тіліндегі дауыстылардың өзгеру процестері айқындалды;

- вокализмнің фонологизациялану құбылысын түсіндіру негізінде қазіргі сипаттағы *ашық/қысаң, жуан/жіңішке, созылық/қысқа* айырым белгілер функциясының тарихи негіздері мен заңдылықтары сипатталды;

- тілдің даму барысында әртүрлі өзгерістерге түскен көне түркі тіліндегі ортақ дауысты дыбыстар тіл-тілге қарай жіктеліп, әр тілдің ерекшелігіне қарай вокализмнің даму жолдары сараланды;

- қазақ, татар, өзбек әдеби тілдеріндегі дауысты дыбыстардың фонетика-фонологиялық ерекшелігі мен ұқсастықтары бір-бірімен салыстыру арқылы анықталды.

Зерттеудің әдістері. Жұмыстың мақсаты мен міндетіне байланысты зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы, типологиялық сипаттау және ретроспекциялық әдістері алынды. Сондай-ақ, салыстырылған түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстарға синхронды және диахронды тұрғыдан талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Жұмыстың дауысты дыбыстардың даму кезеңдері мен қалыптасу процесін анықтауға қатысты қорытынды тұжырымдары қазақ тіл білімінде тарихи фонетика саласының қалыптасуына өзіндік үлес қоса алады. Сонымен бірге салыстырмалы-тарихи зерттеу нәтижелері ғылыми этимология саласының дамуына септігін тигізе алады. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жотары оқу орындарында қазақ тілінің фонетикасы мен тарихи фонетикасын оқытудың жалпы курсында, тарихи фонетикаға қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуда, арнайы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

- түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың даму жолы, яғни фонема деңгейінде жұмсалатын вокализмнің функциясы диахрониялық фонологияның зерттеу нысаны болып табылады;

- түркі ата тілінен келе жатқан дауысты дыбыстардың фонологизациялану процесі конвергентті және дивергентті т.б. құбылыстардың негізінде көрініс табады;

- түркі ата тіліндегі дыбыстар жүйесін он алты дауысты және сегіз классикалық дауысты дыбыстан тұрады деп көрсетуге болады. Он алты дыбысқа сегіз қысқа және сегіз созылық дауысты дыбыс жүйесі жатады;

- түркі ата тіліндегі барлық туыстас тілдерге ортақ болған дауысты дыбыстарды кезекке жіктеу арқылы әр тілдің ерекшелігіне қарай қалыптасқан сипатын анықтауға болады;

- қазіргі түркі тілдеріндегі *ашық/қысаң, жуан/жіңішке, еріндік/езулік* айырым белгілері және *созылық/қысқа* сипаттағы дауысты дыбыстардың функциялық мәні көне түркі тілінде көрініс табады;

- орхон-енисей жазба ескерткіштер тіліндегі мәліметтер негізінде көне түркі тіліндегі сегіз дауысты дыбыс жүйесінің фонетика-фонологиялық сипаты;

- қазақ, өзбек, татар тілдеріндегі дауысты дыбыстардың фонетика-фонологиялық сипатын бір-бірімен салыстыру әр тілдің ұқсастықтары мен вокализм жүйесіндегі ерекшеліктерін көрсетеді.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыстың дереккөздері ретінде орысша-татарша, орысша-өзбекше т.б. сөздіктері, көне түркі сөздігі және түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі алынды. Туыстас тілдердің дауысты дыбыстарын тарихи сипатта салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын түсіндіруге қатысты зерттеу еңбектерінің дәйектері мен мәліметтері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен талқылануы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері “Академик Ә.Қайдар және тіл білімінің мәселелері” (Алматы, 2004), “Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері” (Алматы, 2004), “Академик Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімінің мәселелері” атты халықаралық-ғылыми теориялық конференцияларда (Алматы, 2005), Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт// Профессор Қ.М.Есенютің туғанына 75 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2006), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы “Лингвистикалық жұма” атты ғылыми-өдістемелік семинарда (2006, ақпан) баяндалды.

Республикалық ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтарда диссертация тақырыбына қатысты жеті мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан тұрады. Жұмыс соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Диссертациялық жұмыстың **кіріспе** бөлімінде тарихи фонетика мен диахрониялық фонологияның нысаны мен мәселелері жөнінде, сондай-ақ түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың тарихи тұрғыдан фонологизациялану процесінің зерттелу жайы туралы мәлімет берілді. Тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны айқындалып, мақсаты мен міндеттері белгіленді. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық құндылығы көрсетіліп, өдістанымдық негіздері мен қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар, зерттеудің басты ұстанымдары мен жариялануы баяндалды.

1 Тарихи фонетиканың негізгі мәселелері атты бірінші тарауда “Жалпы тіл біліміндегі тарихи фонетиканың түсініктері мен принциптері”, “Фонема теориясының зерттелу тарихы”, “Қазақ вокализмнің зерттелу жайында” деген мәселелер қарастырылады.

1.1 Жалпы тіл біліміндегі тарихи фонетиканың түсініктері мен принциптері атты тараушада жалпы тіл біліміндегі тарихи фонетика мен диахрониялық фонологияның зерттеу нысаны және оның принциптері мен түсініктері туралы мәселелердің басы ашылады.

Түркі тілдеріндегі дыбыстардың мағына ажырату қызметі бірден өз деңгейінде жұмсалмағаны белгілі. Бірнеше ғасырды қамтыған дауысты дыбыстардың жүйесі тілдің даму заңдылықтары нәтижесінде, сондай-ақ конвергентті-дивергентті құбылыстардың негізінде қысқарды, сұрапталды. Осы ретте дыбыстардың қалыптасу жолын, фонетикалық жүйе мен заңдылықтарының даму ерекшеліктерін түсіндіретін тарихи фонетиканың маңызы зор болып табылады.

Жалпы тіл білімінде тарихи фонетиканы зерттеу 1818 жылдан басталады. Ол дат тілшісі Расмуск Расктың дыбыс өзгерістерінің

құбылыстарын сипаттап, жазып берген зерттеуімен тығыз байланысты. Ғалымның сипаттаған дыбыс құбылыстары кейін “Дауыссыздардың алға ілгерілеуі” заңы деп аталды [1,127 б.]. Сондай-ақ, тарихи фонетиканың мәселесі басқа ғалымдардың да өзектілігіне айналды. Мәселен, жалпы тіл білімінде А.М.Щербак, Н.А.Баскаков, М.А.Черкасский еңбектерін алсақ, қазақ тіл білімінде М.Томанов, Ж.Аралбаев, Ә.Құрышжанов, Ғ.Айдаров, Ә.Қайдаров, Т.Талинов, Б.Сағындықұлы, З.Базарбаева зерттеулерін айтамыз.

Тарихи тіл білімінің дербес саласы ретінде тарихи фонетика тарихи-салыстырмалы тіл білімінің даму процесінде қалыптасқаны белгілі. Салыстырмалы-тарихи өдістің негізгі мақсаты – тіліміздің ата тілдік күйін қалпына келтіру, бір туыстық топқа кіретін тілдердің дамуы мен жеке тілдерге бөлінуін түсіндіру, ана тіліміздің тарихын жете түсіну болып табылады. Тарихи фонетикада ата тілдің фонологиялық бірлігінің көрінісі болатын дыбыстардың жеке эволюциясы қарастырылды. Тарихи фонетиканың аясы негізгі болғандықтан, дыбыстардың даму процесін анығын бере алмайтын тұстары болды. Осы ретте ХХ ғасырдың 30-жылдарында дыбыстардың өзгеру сипатын бүтін жүйенің бойында қарастыратын диахрониялық фонология қалыптасты. Диахрониялық фонологияның басында Прага лингвистикалық мектебі тұрды; Прага лингвистикалық мектебі дыбыстардың өзгеру сипатын тілдің жүйесімен байланыстырды. Диахрониялық фонологияның басты жаңалығы да дыбыстық өзгерісті жүйенің бойында қарастырумен байланысты. Фонологиялық жүйенің ұғымы тілдегі дыбыстық эволюцияны түсіндіріп берумен ерекшеленеді.

Диахрониялық фонологияның нысаны – тілдің даму барысындағы дыбыстық өзгеріс, тілдің дыбыстық материядағы динамикасы болып табылады. Диахрониялық фонологияның пәні – тілдің даму үстіндегі фонологиялық жүйесі, оның жүйе құраушы байланыстарының динамикасы мен құрамдарының эволюциясы [2, 42 б.]. Диахрониялық фонологияның пәні (предмет) үш принциптің аясында қаралады. Олар: жүйелілік (системность), тарихилық (историзм), себептілік (причинность).

Сонымен, жалпы тіл білімінде позициялық варианттар (аллофон) негізінде жаңа фонологиялық оппозициялардың пайда болып, дербес фонемаға айналу процесін диахрониялық фонология анықтап, фонетикалық жүйелердің даму себептерін түсіндіріп берді.

1.2 Фонема теориясының зерттелу тарихы. ХХ ғасырдың аяғында пайда болған фонема ұғымы ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бері дами бастады және тіл білімінде фонеманы зерттейтін фонология дейтін жаңа сала пайда болғаны белгілі.

Жалпы тіл білімінде фонеманың негізін қалыптастырушы И.А.Бодуэн де Куртенэ бірініні болып фонетикалық аспектіден лингвистикалық аспектіні ерекшеленіп алғаны мәлім. Осыдан барын тіл білімінде фонеманы анықтайтын бірнеше фонологиялық мектептер туды: Прага структурализм мектебі (Н.С.Трубецкой мен Р.О.Якобсон), француз фонологиялық мектебі (В.Малмберг, А.Мартине), ағылшын фонологиялық мектебі (Д.Джонс, Н.Суит) т.б. Барлық фонологиялық мектептің өкілдері фонеманы дыбыстан бөліп алып, оның функционалдық жағын қарастырды. Зерттеу жұмысымызда жоғарыда көрсетілген бірнеше бағыттардың ұстаздары бойынша фонемаға берілген анықтамаларға талдау жасалды.

Осы ретте фонемаларға берілген тұжырымдар өр мектептің ұстанымы бойынша жіктеліп, бір-бірінен ерекшеліктері көрсетілді. Айталық, психологиялық теория (И.А.Болдуэн де Куртено, Л.В.Щерба), физикалық теория (Д.Джоунз), функционалдық теория (Н.С.Трубецкой), морфематикалық теория (А.А.Реформатский), Ленинград мектебі (Л.В.Щерба).

Психологиялық теорияның өкілі Л.В.Щерба: "Сөзді және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі, дыбыстың айтылу түрі көп, іпегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны фонема деп ұғамыз", — дейді де, тілдің дыбыс кезеңдерін үш аспекті бойынша қарайды, оның бірі — әлсізметтік немесе лингвистикалық аспекті, екіншісі — биологиялық аспекті, үшіншісі — физикалық аспекті. Физикалық теорияның негізін қалаған ағылшын фонетисті Д.Джоунз фонеманы фонетикалық құбылыстың бірлігі ретінде қарап, оны дыбыстардың семьясы (семья звуков) деп біледі. Фонема бір-бірінен позициялық жағынан ажыратылатын, физикалық жағынан ұқсас дыбыстардың жинағы (класс, семья) ретінде түсіндіріледі. Функционалдық теорияның өкілі Н.С.Трубецкой фонеманы жаңа сөз тудыратын, тілдің ең кіші фонологиялық бірлігі дей отырып, фонологиялық оппозиция негізінде фонеманы көрсетуге болатындығын айтты. Сондай-ақ фонологиялық оппозиция дыбыстардың қарама-қарсы мағына ажырату функциясын анықтайтынын сөз етті.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте өлінби түзушілерді айтса, қазақ тіл білімінде алғаш фонологтар — А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонологиялық қозғарасы өзі түзген өлінбиден көрінеді. Ғалымның позиция, инвариант, дыбыс типі деген ұғымдары фонетикалық терминдерге негіз болды. Оның пікірінше, инвариант фонемалардың (өріптердің) жіңішке реңктері олардың вариациялары болып есептеледі. Ал адамның сапасында сақталған дыбыстың бейнесі, дыбыстың типі фонемаларға сәйкес келетін сияқты. Сонымен, А.Байтұрсынұлының ілімі қазіргі фонема теориясы тұрғысынан Мәскеу фонологиялық мектебінің теориялық принциптерімен ұштасатын секілді. Фонема теориясын одан әрі дамытқан Қ.Жұбановтың ілімін қазіргі фонема теориясы тұрғысынан қарастырсақ, Ленинград фонологиялық мектебінің теориялық ұстанымдарына сәйкес келеді.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің сингармофонологиясы мен сингармофонетикасының ғылыми негіздерін дамытын жүйелеуші Ә.Жүнісбек, М.Жүсіпұлы, Ж.Әбуов сияқты ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ қазақ тілінің дыбыстарын фонема деңгейінде қарастырған Ж.Аралбаев, Н.Уәлиев, З.Базарбаева, С.Исаев еңбектері фонетиканың көптеген мәселелеріне арналған зерттеулердің басым бөлігіне арқау болып отыр.

1.3 Қазақ вокализмінің зерттелуі жайында. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөніндегі алғашқы мәлімет И.Ильминскийдің "Материалы к изучению киргизского наречия" атты еңбегінде кездеседі. Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа жіктей отырып, дауыстылардың сегіз түрін көрсетеді. Олар а—ä, е, ы, і, о, ö, у, ү. Дауыстылардың құрамындағы тіл алды, анық ä (ä) дыбысы дербес фонема ретінде қарастырылмай, а фонемасының варианты ретінде түсіндіріледі.

П.М.Мелиоранскийдің еңбегінде дыбыстар дауысты және дауыссыз деп екіге жіктеле отырып, дауыстылардың тоғыз түрі көрсетіледі. Олар: а (а),

о (о), у (ү), ы (ы), і (і), е (е), ә (ә), ө (ө), ұ (ұ). П.М.Мелиоранскийдің анықтап берген тоғыз дауысты дыбысы жазіргі қазақ тілінде де қолданылып жүр [3, 13 б.]. В.В.Радлов еңбегінде қазақ вокализмі тоғыз дауысты а, ә, е, о, ы, і, ү, ұ дыбыстан тұрады [4, 14 б.]. В.В.Радловтың дауысты дыбыстарды еріндік/сзулік деп жіктеі отғырып, тіс дауыстыларды сзулікке жатқызғаны К.Ш.Хұсайынов еңбегінде талдан келтірілген [5, 73 б.]. Жалпы тіл білімінің фонетика саласында дауысты дыбыстарды физиологиялық, акустикалық және перцепциялық белгілеріне қарай жіктеу кеңінен таралған. В.В.Радлов еңбегінде түркі тілдеріндегі дыбыстардың айтылу, яғни дыбысталу ерекшелігі, мүмкіндігі айқындалып, “антропофонетикалық (дыбыстардың физиологиясы) белгілеріне қарай” жіктеледі.

Қазақ тілінің вокализм жүйесін А.Байтұрсынұлы бес өрішпен таңбалайды. Бұл өріштер қазақ тілінің сингармониялық қасиетіне сай жуан сөздерде жуан дауысты, ал жіңішке сөздерде жіңішке дауысты болатын дыбысталады. Сөздің түрін анықтауда қосымша “дәйекші” қызмет атқарған. Сөздің құрамынан тыс (жеке) жазылғанда да, “дәйекші” қойылса, онда өріш жіңішке дауыстыны белгілеген. Мысалы,

а	- ә
о	- ө
ы	- і
у	- ү
е	- (сингармокорреляттік сыңары жоқ).

Бұл таңбалар сингарможуан дауыстыларды белгілейтін негізгі бес өріштің сингармонизациялық түрлері: а, о, у, ы, ә [6, 34 б.].

Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оның құрамына, сингармонизм табиғатына ерекше көңіл бөліп, өзіндік пікір түйіндеген. Ғалымның сингармонизмді дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-сзулік болып үндесуі деген пікірі А.Байтұрсынұлының “жеке фонемаға — жеке өріш” деген принципінен туыпдан жатыр. Сондықтан ғалым дауыстыны — 5, дауыссызды — 17, оның ішінде жартылай дауысты дыбысты — 4 өрішпен белгілеген, яғни А.Байтұрсынұлының еңбегін басшылыққа алғаны көрінеді. Қ.Кемеңгерұлының пікірінен, қазақ тілінде жуан төрт дауысты дыбыс, сондай-ақ таңбасы жоқ бұрыннан келе жатқан төрт жіңішке дауыстылар бар, оларды дәйексіз арқылы белгілейміз. Ал бесінші дыбыс ретінде жіңішке е дауыстыны көрсетеді. Сондай-ақ, дауысты дыбыстарды жақтың қатысына қарай анық, жартылай анық, қысаң, жартылай қысаң деп бөледі. Ғалымның бұл жіктеуі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың қызметін тануға өкелді. “А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Б.Малдыбайұлы сияқты зерттеушілер дауыстыларды жақтың қатысына қарай топтастыруда бірізділік таптып, дауыстыларды тек анық пен қысаңға ғана топтастыруға болмайтынын, аралық дыбыстардың (о, ө, е) болатынын, оның құрамын дұрыс байқаған” [7, 44 б.].

І.Кеңесбаев қазақ тілінде он бір дауысты дыбысты атайды. Ғалым еңбегінде тоғыз жалаң дауыстылар (*монофтонгы*): а, е, ы, і, ә, ү, ұ беріледі. Бұдан басқа мынадай екі қосымша дауыстылар (*дифтонганд*) и, у көрсетілген [8, 233 б.]. І.Кеңесбаевтың еңбегінде дауысты дыбыстар еріндік-сзулік, жуан-жіңішке, анық-қысаң деп үш түрлі фонематикалық оппозицияға бөлінген, әр дыбыстың акустика-артикуляциялық сипаты мен оның ерекшеліктері анықталады. Дауысты дыбыстарды жіктеген кезде, оның айтылу өрісі жасалу ерекшеліктерін ескергенін көреміз.

Қазақ вокализмінің ерекшелігін айрықша көрсеткен ғалым — Ж.А.Арабаев [9, 30 б.]. Ғалымның дауыстылардың саппы анықтаудағы тұжырымы қазіргі қалыптасқан вокализм жүйесімен тең келмейді. Ғалым еңбегінде он бір дауысты фонема беріліп, оның тоғызын монофтонг: а, е-э, о, ы, і, ү, ұ, ә, қалған екеуін дифтонг дауыстылар (и, у) қатарына қосады. Дауысты дыбыстардың құрамын он бір деп көрсеткен тұжырымы ғалым о. Кеңесбаевтың жіктелімімен дәл келген.

Қазақ тілінің дыбыстық қорын айқындауда Ә.Жүнісбековтің жаңа бағыт бойынша дәлелденіп отырған тұжырымы қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды басқа қырынан тануға әкелді. Ғалым қысаң дауыстылар өз алдына бір сингармотип (тыс, тіс, түс, түс) бір дауысты дыбыстың төрт сингармореңі ретінде бас-басына буып жасап, барлығы бір дауысты ретінде қызмет етеді десе, ал анық дауыстылар да бір сингармотип (аз, өз) құрап, а, ә — бір дауысты дыбыстың екі сингармореңін көрсететіндігін, жартылай анық дауыстылар — дифтонгилер де бір сингармотип (ор, ор, ер) құрап, бас-басына буып болып, бір дауысты дыбыстың (дифтонгилінің) үш сингармореңін беретіндігін айтады [10, 79 б.].

Сондай-ақ Ә.Жүнісбек қазақ тілінің дауыстылар жүйесін екі принцип бойынша сипаттауға болатынын көрсетеді:

Сингармонизмге қатыссыз алу:

Бұл кезде үш дыбыстық типке (анық, қысаң, дифтонг) жіктеледі де, олар барлығы тоғыз дауыстыдан тұратынын анықтайды.

Сингармонизмге байланысты принцип.

Бұлайына қарастырған кезде төрт түрлі сингармотембрге топ белгілерге байланысты тоғыз сингармодауысты: екі жуан езулік, үш жіңішке езулік, екі жуан еріндік, екі жіңішке еріндік болып бөлінеді [10, 83 б.].

Сонымен, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы әр ғалымның еңбегінде әртүрлі анықталған.

2 Түркі тілдеріндегі вокализм жүйесінің даму тарихы деп аталатын екінші тарау “Көне түркі тіліндегі дауыстылардың дамуы”, “Түркі тілдеріндегі вокализм жүйесінің даму кезеңдері”, “Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі дауыстылардың көрінісі”, “Түркі тілдеріндегі дауыстылардың айырым белгілері”, “Дауысты дыбыстардың анық/қысаң айырым белгісі”, “Дауысты дыбыстардың жуан/жіңішке айырым белгісі”, “Дауысты дыбыстардың созылдық/қысқа айырым белгісі”, “Түркі тілдеріндегі жеке дауыстылардың даму тарихына қысқаша нөлу” атты тараулардан тұрады.

2.1 Көне түркі тіліндегі дауыстылардың дамуы атты тарауында көне түркі тіліндегі дауысты дыбыстардың синаты беріледі. Түркі тіліндегі дауысты дыбыстар бірден фонема деңгейінде жұмсалмаған. Вокализм ата түркі кезеңін қамти отырып, ұзақ жылдар бойы қалыптасып, дифференциалды белгілері сұрынталып, лингвистикалық ең кіші бірлікке айналған, яғни әртүрлі вариантта іске асырылатын фонема деңгейінде жұмсалған. Фонологиялық жүйедегі өзгеріс ішкі және сыртқы себептермен байланысты болған.

Түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың функциялық мәнге ие болу процесі және дауыстылардың даму кезеңдері жөніндегі мәселелер көптеген ғалымдардың арасында әртүрлі тұжырымдарды тудырды. Түркі тіліндегі дауыстылардың пайда болу тарихын анықтауда Г.Рамстедт, М.Ряшенен алтай теориясын негізге алады. XVIII ғасырда басталған орал-алтай теориясы В.Шотта, М.А.Кастрен, О.Бетлингк, В.Томсен, И.Гомбон

еңбектерінде де жан-жақты қарастырылған. Ал Н.А.Баскаков, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжановтардың ғылыми топшылауы түркі дәуірінен бастау алады.

Я.ван Гиннекен дауыстылардың даму тарихын тілдің даму процесімен бірге алып қарастырды. Ғалым ең алғашқы дыбыс айқай (кликсы) болған дей отырып, осы айқайдан дауыссыздар дамып, одан кейін дауыстылар пайда болған деген пікір ұсынды. Б.Сағындықұлының тұжырымы бойынша: “Ілгері замандағы түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыз дабыстар сақтап қалған. Ал дауыстылар болса тарихи даму барысында мың сан өзгеріп кете береді”, [11, 44 б.] деген. Я.ван Гиннекен дауыссыздардың қызметін дауысты дыбыстарға қарағанда басым болғанын көрсету үшін, оны төрт тембрлік топқа (нейтральные, смягченные, лабио-веляризованные, лабиализованные смягченные) жіктеген тұжырым ұсынды. Ғалымның пікірінше, қосымпада ашық σ және қысаң ?-ге жататын дауыстыға үқсас екі дыбыс (ларингальные) болған. Түбірдегі дауыссыз дыбыстардың тембрінің өсерінен дауыстыға үқсас дыбыстар төрт түрлі вариантқа ажырайды да, түбірден кейін бейтарап дауыссыз келсе, қосымпадағы σ -ға үқсас дыбыс дауысты a дыбысына, ал ? дыбысы дауысты y дыбысына; егер түбірден кейін жіңішке дауыссыз дыбысы келсе, қосымпадағы σ дыбысы $\bar{a}$ дауыстысына, ? дыбысы жіңішке дауысты i дыбысына айналған дей отырып, олардың келесі процесін көрсетеді. Түбірден кейін жуан-еріндік келсе, σ дыбысы дауысты o дыбысына, ал ? дыбысы дауысты u дыбысына сол сияқты түбірден кейін жіңішке-еріндік келсе, дауыстыға үқсас σ дыбысы $\bar{o}$ дыбысына, ал ? дыбысы дауысты $\bar{u}$ дыбысына айналған деген тұжырым жасайды. Я.ван Гиннекен аталған процессті дауысты дыбыстардың пайда болуының алғашқы бастауы ретінде қарайды. Ғалым осы бағытпен келесі кезеңде фонологиялық жүйені қайта түзу негізінде ашық дыбыстың бірін дауыссыз дыбыстың төрт тембрінің бірімен байланыстыруға болатынын айтып, осының нәтижесінде психологиялық бірліктегі, төрт түрлі тембрмен синатталатын сегіз дыбысты шығарып, төмендегідей жүйені ұсынады:

a	$\bar{a}$	o	$\bar{o}$
y	i	u	$\bar{u}$

o	a	$\bar{o}$	$\bar{a}$
u	y	$\bar{u}$	i

Сонымен, ғалымдардың пікірінше, түркі ата тілінде дауысты дыбыстар қалыптаспас бұрын дауыссыз дыбыстар жүйесі көрініс тапқан, консанантизмнің қызметі вокализмге қарағанда басым түсін, дауыстылардың даму жолына негіз болған.

2.2 Түркі тілдеріндегі вокализм жүйесінің даму кезеңдері атты тараушада көне түркі тіліндегі дауысты дыбыстардың даму жолы кезең-кезеңге жіктеліп, вокализм жүйе ретінде қарастырылады. Дауысты дыбыстардың қалыптасу процесі бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырылуы, оның даму жолын көрсетті.

Диакрониялық фонологияда туыстас тілдердің фактілері бір уақыт бойындағы синхронды бөлікте салыстырыла қаралады. Осыған байланысты С.Е.Маловтың түркі тілдерін төрт топқа жіктеген классификациясы негізінде синхронды бөлікте салыстырыла қаралатын тілдің фактілерін төмендегідей келтіруге болады:

1 – ең ескі түркі тілдері (бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут);

2 — ескі түркі тілдері (орхон-енісей жазба нұсқаларының тілі, ескі ұйғыр тілі, хакас, шор және тувин тілдері);

3 — жаңа түркі тілдері (өзірбайжан, тағауз, өзбек, түрікмен, т.б.)

4 — ең жаңа түркі тілдері (қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, қырғыз, алтай т.б.).

С.Е.Маловтың берген жіктеуінен тілдің әр тобын бүтін синхрондық кесінді ретінде алуға болатындығын былайша көрсеткен. Жаңа түркі (3) тілдерінің фактілерін бір синхрондық кесінді деп алсақ, онымен алысырақ тілдердің фактілері салыстырылады. Осы жолмен тектес, туыс тілдердің шежіресіне сүйенген деректер негізінде ата тілін (праязык) қайта қалпына келтіруге болады. Ғалым тілдерді топ-топқа жіктеп, бүтін синхрондық кесінді ретінде көрсеткенімен, дыбыстардың даму жүйесі берілмейді.

Н.А.Баскаков түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың даму жүйесін тарихи тұрғыдан кезең-кезеңге сәйкес қарастырады. Ғалым түркі тілдеріндегі қазіргі және көне деректерге, диалектілерге сүйене отырып, дауысты дыбыстардың даму жүйесіндегі фонологиялық эволюцияны бес кезеңге бөліп қарайды: *алтайға дейінгі дәуір, алтай дәуірі, гун дәуірі, көне түркі дәуірі, жаңа түркі дәуірі* [12, 72 б.]. Көне ескерткіштер тілін зерттеуші ғалымдар Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов еңбектерінде тілдің даму жүйесі алты дәуірге бөліп қаралады. Олар: *алтай дәуірі (мәлімет жоқ), гун дәуірі (б.з.д. III ғ. бастап, б.з. V ғ. қамтиды), көне түркі дәуірі (V-X ғғ.), түркі тілдерінің орта дәуірі (X-XV ғғ.), түркі тілдерінің жаңа даму дәуірі (XV-XX ғғ.) және Қазан төңкерісінен кейінгі дәуір* [13, Б. 5-8].

Н.А.Баскаковтың тұжырымдауынша, алтайға дейінгі дәуірде түркі тілдері алтай тілдері сияқты түбір грамматикалық құрылымнан тұрған және моновокалдык бөлшектенбеген морфонемаға ие болған, яғни буын түзуші бір дауысты дыбыс пен дауыссыздар жүйесімен келген. Өз сөзімен айтқанда: “В процессе своего развития, когда в более ранний период каждая морфема была самостоятельной с определенным лексическим значением, т.е. когда строй тюркских языков носил характер изолирующих языков, фонологическая структура слова-морфемы совпадала с морфонемой, представлявшей собой нерасчлененный комплекс звуков с общими дифференциальными признаками”. Осы дәуірде тембр, лабиал, палатал айырым белгілері дауысты, дауыссызға, яғни дауыссыз+дауысты+дауыссыз (СГС) құрылымына, бүтін морфонемаға қатысты болған [12, 73 б.].

Ғалым үш айырым белгінің бүтін синтезді көрсеткенін айта отырып, тембрді — [^], лабиалдыны — ^o және палаталдыны — ['] осы белгілермен шартты түрде белгілеп, көне түркі сөздерінің моновокалдык сипатын төмендегідей мысалдармен дәлелдейді:

tłk (tyk) “сунь”	^łk (tak) “прицепи”
'łk (tik) “шей”	^łk (tek) “порода”
ołk (tyk) “запруда”	o^łk (tok) “сыттый”
ołk (tük) “шерсть”	o^łk (tök) “просыпь”

Аталған тілдік фактілердің негізінде осы типтегі морфонема мынадай сипатта болған:

tłk, bll — қысаң, тіл арты, езулік. Қазақ тілінде tyq, byl тіркестеріне сәйкес келеді.

'łk, 'bll — қысаң, тіл алды, езулік = tik, bil;

ołk, obll — қысаң, тіл арты, еріндік = tuq, bul;

¹°tIk, ¹°bIl — қысаң, тіл алды, еріндік = tük, bül;

[^]tIk, [^]bIl — ашық, тіл арты, езулік = taq, bal;

[^]°tIk, [^]°bIl — ашық, тіл алды, езулік = tek, bel;

[°]°tIk, [°]°bIl — ашық, тіл арты, еріндік = toq, bol;

[°]°^tIk, [°]°^bIl — ашық, тіл алды, еріндік = tök, böI.

Осы деректер айырым белгінің бүтін сөзге қатысты болғанын және дауыссыз дыбыс сегіз варианттан тұрғанын көреміз. Айталық, t, ¹t, [°]t, ¹°t, [^]t, [^]°t, [°]°t, [°]°^t. Дауыссыз дыбыстардың айырым белгі жағынан дамып, ал дауысты элементтер дауысты фонемаларға сәйкес фонологизацияланды деген пікірін төмендегідей деректермен дәлелдейді:

I.> y- қысаң, тіл арты, езулік;

¹I.> i- қысаң, тіл алды, езулік;

[°]I.> u- қысаң, тіл арты, еріндік;

¹°I.> ü- қысаң, тіл алды, еріндік;

[^]I.> a- ашық, тіл арты, езулік;

[^]°I.> e- ашық, тіл алды, езулік;

[°]°I.> o- ашық, тіл арты, еріндік;

[°]°^I.> ö- ашық, тіл алды, еріндік.

Алтайға дейінгі дәуірде дауысты дыбыстар буын түзуші қызметте болғанын, ал дауыссыз дыбыстар сегіз варианттан тұрып, позициялық жағынан ерекшеленгенін байқауға болады.

Н.А.Баскаковтың пікірінше, екінші кезең алтай дәуірінде түркі тілдері морфологиялық, фонологиялық жағынан дамып, дыбыстардың құрамы алға жылжыған. Түркі тілдері алтай тілдері сияқты агглютинациялық тілдердің синатын алған және сөз түбір морфема мен қосымша аффикстік морфемадан тұрды [12,78б.]. Алтайға дейінгі дәуірдегі морффонеманың дауыссыз+дауысты+дауыссыз құрылымына тембр, лабиал, палатал айырым белгілерінің ортақ қатысы болса, алтай дәуірінде морффонемалар бір-бірімен тіркесу қабілетіне иеленіп, d-з/d-ы/d-з + (d-з)/d-ы/d-з ~ d-з/d-ы/d-з + d-з/d-ы (d-з) ~ d-з/d-ы/d-з + (d-з)/d-ы/(d-з) [CГC + (C)ГC ~ CГC + CГ(C) ~ CГC + (C)Г(C)] тізбектерін түзген және түркі тілдеріндегі сөздер толық лексикалық мағынасы бар түбір морфема мен аффикстік морфемадан тұратын синат алғандықтан, олардың фонематикалық құрамы да өзгерген. А.Т.Қайдаров қазақ тілінде түбірлердің алты түрлі нұсқасы барын айтқан. Ол нұсқалар: 1) дауысты, 2) дауысты + дауыссыз, 3) дауыссыз + дауысты, 4) дауыссыз + дауысты + дауыссыз, 5) дауысты + дауыссыз + дауыссыз, 6) дауыссыз + дауысты + дауыссыз + дауыссыз [14, 44 б.].

Алтайға дейінгі дәуірдегі ортақ синтездің ішінен тембр дифференциалды белгісі бөлініп шыққан. Н.А.Баскаков дифференциалды белгілердің ішінен бөлініп шыққан тембр айырым белгісі морффонемада екі интерконсонантты элементтің қалыптасуына әкелгенін айтады. Ғалымның пікірінше, олар—қысаң дауысты у(ы) мен ашық дауысты а фонемалары. Бұл дауыстылар ашық және қысаң дауыссыз дыбыстарға сәйкес келді [12, 80 б.].

Түбір морфема сегіз фонемадан тұратын қазіргі тілдердің аффикс морфемасында у(ы) мен а дыбыстары сақталған. Ал дауысты у(ы) фонемасының i, u, ü мен а фонемасының e, o, ö аллофондары лабиалды және палаталды үндестік заңы арқылы реттелді. Осы ретте лабиалды және палаталды дифференциалды белгілері әлі де бүтін сөзге қатысты болған [12, 79 б.]. Мұндай жүйе қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде сақталған:

“Сохранения палатализации и лабиализации для всего слова, характерны по существу, и для большинства современных языков: палатализация в той или иной степени — для всех языков, а лабиализация — например, для киргизского или алтайского языков” [12, 79 б.].

Жоғарыдағы тұжырымды қорытындылай келе, дифференциалды белгі деңгейіне көтерілген вокализмге қатысты қазіргі қазақ тілінен бірнеше деректер келтірсек:

- tykty (tykty 'он сунул')
- 'tykty (tikti 'он шил')
- °tykty (tuktu 'запруду')
- °tykty (tütü 'имеющий шерсть')
- takty (takty 'он приценил')
- 'takty (tekti 'имеющий породу')
- °takty (toktu 'ягтенок')
- °takty (töktü 'он просыпал')

Лабиал және палатал айырым белгінің бүтін сөзге қатысты болуы негізінде, ғалымның пікірінше, дауыссыз дыбыстар сегіз варианттан емес, кейінірек төрт варианттан тұратын болған. Тембрлік айырым белгісі жағынан дауыссыз дыбыстар дауысты у(ы) мен а дыбыстарынан бұрып сиятталған. Сонымен, интерконсонантты элементтер сөзде төмендегідей белгіге ие болған:

Қысаң дауысты дыбыстармен келгендер:

- .y. — тіл арты, жуан, сзулік=y
- .y. — тіл алды, жіңішке, сзулік=i
- °y. — тіл арты, жуан, еріндік=u
- °y. — тіл алды, жіңішке, еріндік=ü

Ашық дауысты дыбыстармен келгендер:

- .a. — тіл арты, жуан, сзулік=a
- .a. — тіл алды, жіңішке, сзулік=e
- °a. — тіл арты, жуан, еріндік=o
- °a. — тіл алды, жіңішке, еріндік=ö

Алтай дәуірінде екі дауысты фонема қалыптасып, дауыссыз дыбыстардың қызметі күрделене түскен [12, 80 б.]. Осыдан жүз жыл бұрын И.Грунцель мынадай тұжырым береді: “Алтай тілінде (орал-алтай) үш дауысты а, і, ы болған, кейін дауысты ә [ä], ү [y] дыбыстары қосылды. Кейін алтай ататілі жойылғаннан кейін дивергенция құбылысының нәтижесінде у дыбысы у мен о-дауыстыларына, ал ü дыбысы ö мен ü дауыстыларына, кейінірек і дыбысы і мен і дауыстыларына айналды”, — деп тұжырымдай отырып, алтай вокализмі төрт кезеңге ажыратады:

1 а	2 а	3 а	4 а
і у	ä	ä о ö	ä ö о
і ü у	і ü у	і ü у	

Дауыстыларды кезек-кезеңге бөліп қараған ол оның соңғы екі кезеңі жеке тілдердің дамуына әкелсе, ал алдыңғы кезеңдер осы тілдердің көне түрі (общееурало-алтайское) болған деп есептейді.

Үшінші кезең ғұн дәуірінде түркі тіліндегі фонематикалық құрылымның дамуы күрделі процесті қамтып, вокализм сегіз дауысты дыбыстан тұрады. Дауыссыз дыбыстар сияқты түбір морфемада дауысты элементтердің де өрқайсысы жеке мағынаға ие болған [11, 81 б.]. Ал аффикстік морфемада өткен дәуірмен байланысты, тембр жағынан ғана

ажыратылатын екі дауысты [у (і, ы, ü)] мен [а (е, о, ö)] фонемалары сақталды. Түбір морфемада үш дифференциалды белгіге негізделген сегіз дауысты фонеманы былай ажыратылды:

1. Жактың қатысына қарай: ашық — а, е, о, ö және қысаң — у, і, ы, ü дауыстылары.

2. Еріннің қатысына қарай: езулік — а, е, у, і және еріндік — о, ö, ы, ü дауыстылары.

Тілдің қатысына қарай: тіл арты — а, у, о, ы және тіл алды — е, і, ö, ü дауыстылары [11, 81 б.].

Қорықта келгенде, қонне түркі тіліне тән сегіз дауысты дыбыстың жүйесі гүн дәуірінің өзінде көрініс бере бастаған деген тоишылауға келеміз.

2.3 Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі дауыстылардың көрінісі атты тарауында дауысты дыбыстардың жүйесі сипатталады.

Түркі руникалық жазудың дыбыстық жүйесі сегіз дауысты дыбысты берді: а, е, ы, і, о, у, о, ү. Бұл сегіз дауысты дыбыс төрт таңбаға негізделгені мәлім: а-е-иі с таңбасы, ы-і-иі { таңбасы, ал о-у-ды > таңбасы, ö-ü-ні N таңбасы белгілегені мәлім. А.Н.Кононов сегіз дауысты дыбыстың бес таңбамен берілгенін көрсетті: с— а-й, {— і-і, >— о-и, N— ö-ü, X— ү. И.А.Батманов та бес дауысты дыбысты көрсетті: а, э, ы, у, ү. Ғ.Айдаров, А.С.Аманжолов, т.б. орхон жазбаларында сөз мағынасын ажыратуда дауыссыз дыбыстар ерекше рөл атқарғанын айта отырып, сөздердің жуан не жіңішке екендігін қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішкеілігіне қарай ажыратылатындығын айтады. Ескерткіш тіліндегі дауыстылардың сөздегі позициясы өзгеріс берілді. Түркі руникалық жазбаларда езулік, ашық дауысты а, е дыбыстары сөздің барлық позициясында кездеседі, бірақ сөздің соңында таңбаланады. Езулік, қысаң ы және і дыбыстары да барлық позицияда келіп, сөздің басы мен аяғында таңбаланады, ал еріндік, жартылай ашық дауысты о мен у бірінші буында, еріндік, қысаң ö және ү барлық позицияда келеді. Ғалым руникалық ескерткіштер тіліндегі дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыспен қатар я болмаса дауысты дыбыссыз-ақ келе беретіндігін, яғни дауыссыз дыбыстар түрлі тембрде көрініп, екі мәнде (буын құраушы және буын құрамайтын) жұмсалғанын тұжырымдайды. И.Крамский төрт таңбамен берілген дауысты дыбыстардың кестесін төмендегідей көрсетті:

	ашық	қысаң	ашық	қысаң
тіл арты	а	і	о	и
тіл алды	е	і	ö	ü

Түркі вокализм жүйесін реконструкциялауда М.А.Черкасский орхон жазбаларын негіз етіп алады. Ғалым түркі тілдеріндегі вокализмнің даму сатысын шартты түрде үш кезеңге бөледі. Олар: орхонға дейін дәуір, орхон дәуірі, орхоннан кейінгі дәуір [14, 106 б.]. М.А.Черкасский түркі тілдеріндегі вокализмнің жүйесі орхонға дейінгі дәуірде үштік деңгейде (треугольный) болғанын айтады.

і и

а

Оның ойынша, “Некоторые соображения общетипологического, а также и более частного характера позволяют предположить, что на более ранних этапах система алтайского вокализма была по всей вероятностей, трехгласной, четырехгласная же “орхонская” система является уже следующей ступенью эволюции” [14, 108 б.].

Орхон дәуірінде вокализм төрт деңгейге дейін жеткен.

i y
a ū

Орхоннан кейінгі дәуірде орхон дәуіріндегі төрт дауысты фонема екіге бөлінген [14,109 б.]. М.Моллова руникалық жазбаларда дауыссыз дыбыстардың дауыстыларға қарағанда қызметі мәндірек болғанын айтады, сондай-ақ, руникалық жазбалар кезеңінде төрт дауысты — архифонема барын, ал фонологиялық дифференциация а-ä мен о-ö және а-ä мен у-і аралығында болғандығын сөз етеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, ескерткіштер тілінде сегіз дауысты дыбыс болған. Олар жоғарыда көрсетілді. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде (қазақ, башқұрт, ноғай, татар, қарақалпақ, өзірбайжан, ұйғыр, т.б.) қолданылатын ә дауыстысы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде болғандығын көптеген еңбектерде сөз етіледі. Ғ.Айдаров ә дыбысының орнына тек е дауыстының қолданса, И.Л.Кызыласов, Л.С.Левитская сияқты түркітанушылар ә, е дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қолданыста болған деген пікірді ұстанады.

Орхон ескерткіштерін оқып, аударма жасауда, тілдік ерекшеліктерін зерттеуде айрықша еңбек сіңірген белгілі ғалымдар өз транслитерацияларында ә (ä) дыбысын қолданған және көне түркі тілінде 9 дауысты фонеманың болғанын көрсетеді. Дегенмен көне түркі тілінен келе жатқан сегіз классикалық дауысты дыбысты дұрыс деп танимыз.

2.4 Түркі тілдеріндегі дауыстылардың айырым белгілері атты тарауында көне түркі тіліндегі ашық/қысаң және жуан/жіңішке, сондай-ақ созылыңқы/қысқа айырым белгілері туралы сөз болды. “Көне түркі тіліндегі ашық/қысаң айырым белгілері” атты тарауында талас тудырып жүрген ә мен е дауысты дыбыстары қарастырылды. Қазіргі түркі тілдерінде ä фонемасы көптеген түркі тілінде сақталған. К.Мұсаев қазақ тіліндегі ä фонемасын е фонемасына қарсы қойып, араб-парсы тілінен енген сөздерге мынадай мысал келтіреді: *el-äl, sel-säl, eli-äli*. Мұндай пікір түркі тіліндегі дауысты ә фонемасы араб-парсы тілдерінен енген дыбыс деген басқа ғалымдардың пікірімен сөйкес келді. Түркі тілінде қалыптасқан екі көзқарастың бірі — төл дыбыс, бірі — шеттен келген дыбыс деген мәселе талас тудырып келе жатқаны белгілі.

Қазіргі түркі тілдерінде ә дауысты дыбысын қолданбайтын тілдердің қатарына 18 дауыстыдан тұратын түрік, түрікмен және алты дауыстыдан тұратын өзбек, сондай-ақ якут, қырғыз тілдері жағалы. Түркі тілдері даму барысында кей тілдерде ә дыбысы, кейбір тілдерде е дыбысы сақталған. Әзірбайжан, жаңа ұйғыр тілдерінде қысқа дауысты ә дыбысы сақталған: қол “*приходи*”, өзірбайжан тілінде *гол*, ұйғыр тілінде *қол*. Татар, башқұрт, хакас және чуваш тілінің кейбір сөздерінде дауысты ә дыбысы и дыбысына ауысқан: *от мисо*, тат. *ит*.

Дауысты е дыбысы қазіргі өзірбайжан, алтай, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құман, ноғай, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр, хакас, чуваш, шор түркі тілдерінде сақталған, ал якут тілінде жоқ. Қазіргі түрікмен тіліндегі созылыңқы і: дауысты дыбысы байырғы созылыңқы і: мен созылыңқы е: дыбыстарына сөйкес келген. Мысалы: түрік. *gi:r-“кір”* ~ як. *ki:r-*, түрік. *gi:n “кең”* ~ як. *kien*. Түрікмен тіліндегі і: және і: < е: дыбыстарының сөйкестігі жарғылай ашық, сзулік дауыстыларымыз жүйесін бұзып, жаңадан өзара қарсы дауыстылардың пайда болуына әкелді:

ä:— е. Сондай-ақ түркі тілдері тіл-тілге қарай бөлініп, даму процесінде болғар тілінің вокализмінің қалыптасу кезеңі қыпшақ тіліндегі вокализм жүйесімен сәйкес келген тұстары болған. Оны ашық дауыстылардың тарылып немесе қысаң дауыстылардың ашыққа айналып жағқан процесінен көреміз. Ол құбылыс ä>e>i дыбыстарынан көрінеді. Мысалы: *käl->kel->kil*- “*кел*” немесе e>i дыбыстарының көрінісі. Айталық, *pis* — “охладевать”. Әрқайсысының жасалу, қалыптасу жолдары өзіндік ерекшелікке ие болған. Мысалы: қазақ тілінде *кет*, өзірбайжан тілінде *кет*, башқұрт тілінде *кит*, қарақалпақ тілінде *кет*, қырғыз тілінде *кет*, кумык тілінде *гет*, ноғай тілінде *кет*, татар тілінде *кит*, түрік тілінде *гит*, түрікмен тілінде *гит*, өзбек тілінде *кет*, ұйғыр тілінде *көт*.

“Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков” атты еңбекте ә мен е дауысты дыбыстары түркі ата тілінен бастау алған деген тұжырым бар. Сондай-ақ осы дыбыстардың қалыптасуының төмендегідей алты жолы көрсетілген:

1. Түркі ата тілінде ä (анық) және е (қысаң) дауысты дыбыстары болған.

2. Осы дауыстылар сапалық және сандық жағынан өзара қарсы қойылды, яғни ä-е: (анық қысқа — қысаң созылыңқы).

3. ä (қысқа) және ä: (созылыңқы) дыбыстары болды.

4. ä: және е (анық созылыңқы және қысаңға жуық қысқа) дыбыстары болды.

5. ä, ä:, е және е: дауысты дыбыстары болды.

6. Ата түркі тілінің ерте кезеңінде ä, ä:, ä, ê, е:, е дыбыстары болып, жалпы түркі тіліндегі ä мен ê дауыстылары ä дыбысына, ал ä мен е дауыстылары ä дыбысына сәйкес келген [15, 18 б.].

Осы дауысты дыбыстар түркі тілінде тіл-тілге қарай бөлініп, әрқайсысы жеке фонема деңгейінде жұмсалған. Қыпшақ тобындағы (қазақ, қарақалпақ, ноғай) тілдерінде жартылай ашық дауыстылар тарылу құбылысына ұшырағандықтан, ата түркі тіліндегі е дыбысы е дауыстыға айналған. Татар, башқұрт тілдерінде е (<ä, е) дыбысы i-ге жеткен, ал аффиксте ä дыбысын береді. Түрікмен тілінде е -ä: дыбыстары өзара қарсы қойылып, созылыңқы е: дыбысы дами келе е' дыбысына, ал е' дыбысы i дауыстыға айналған. Мысалы: *e:l>i:l* “*ел*”, *ge:c > gi:c* “*кеш*”. Әзірбайжан тілінде созылыңқы мен қысқа (ä-е) дауыстылар өзара қарсы қойылды. Мысалы: *äl* “*қол*” — *el* “*ел*”; *öz. er* “*ерте*”, *bel* “*бел*”, *ge:z* “*кеш*” ~ *i:r, bi:l, gi:c*. Сол сияқты қазіргі кезде чуваш тілінде ä дыбысының орнына жалпы көне түркі тілінде ä, ал i дыбысының орнына жалпы көне түркі тілінде е (е:) дыбысы сәйкес келген. Якут тілінде е: дыбысы қысқа дауысты дифтонг дыбысын берген: äп “*сен*” — iеп “*ең*”. Бұндай пайымдаулар ата түркі тілінде қысқа дауысты ä және созылыңқы е дыбыстарының болғанын және ä (е, е) іргелес дыбыстардың әсерінен түрлі жұмсалған деп келеді.

А.С.Аманжоловтың пайымдауынша, дауысты е дыбысы — ä дыбысының варианты, оның мағына ажырату қабілеті болмаған. Л.С.Левитскаяның түсіндіруінше, жалпы түркі тілінде ä мен е дауыстылары бір фонеманың варианттары. Кейбір түркі тілдерінде ä мен е сәйкес келсе, кейбірінде жеке фонема ретінде қалыптасты.

Қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде жартылай ашық (э) дауысты дыбысы қалай қалыптасты деген сұрақты А.М.Щербак төмендегідей түсіндіреді. Қыпшақ тілдерінде қысаң

дауыстылар татар тіліндегі дыбыстар сияқты жартылай қысаң дауыстыға айналған. Ал дауысты *ä* дыбысы е дыбысына дейін ғана жеткен. Дифтонг деңгейінде қарастырылып жүрген қысаң дауыстыларды ғалым дауыстылар мен дауыссыздардың қатар келіп жұмсалудымен байланыстырады. Мысалы: қазақ тіл. *it* 'собака' (< *ijm*), *bit* 'вошь' (< *bijm*, *bit* *кончатся*), *жінал* - 'собираться' (< *жінал* - < *жіінал* - < *жіінал* -) [16, 34 б.].

А.М.Щербак еңбегінде *ä* дауысты ата түркіден келе жатқан байырғы дыбыс ретінде қарастырылады. Кейбір тілдерде *ä* дауыстыдан е дыбысы қалыптасқанын, ал кейбір тілдерде өзі сақталғанын келтіреді. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, осы еңбекте берілген сөздерге тоқталсақ.

**äk* - "ек". Қазіргі түркі тілдердің әзірбайжанда *äk*-, чувашта *ak*, яғни осы тілдерде *ä* дыбысы сақталғанын көрсек, ал қазақ тілінде *ek* деп келеді. Э.В.Севортян *ek* бұрыннан келе жатқан форма дейді.

Сондай-ақ *ä* мен *e* дауысты дыбыстарының қайсысы көне деген мәселені жинақтап беретін болсақ, төмендегідей сараптамалар шығады. А.М.Щербактың еңбегінде **av* (-*äy*) "үй" деп берілсе, Э.В.Севортян *en/eb/ew/un/ub/ew/og/uv* "үй" деп бере отырып, ескі түрік, құман тілдерінде *uv* және *uv* формалары алғашқы буында *ę* түрімен келетіндігін айтады. Сонда А.М.Щербак берілген сөздерде алғашқы буын *ä~ö* дыбыстарынан басталады десе, Э.В.Севортян қысаң *ę* дауыстыдан басталады дейді.

Сонымен, *ө* дыбысы қазіргі түркі тілдерінің кейбіреуінде біржолата жоғалып кеткенімен, кейбір тілдерінде, мысалы: татар, ұйғыр, т.б. тілдерде өлі күнге дейін барлық буынында қолданады. Ал қазақ тілінде тек бірінші буында ғана сақталып қалған байырғы дыбыс екеніне ешбір күмән болмасақ тиіс.

2.4.2 Дауысты дыбыстардың жуан/жіңішке айырым белгісі атты тарауында жуан дауыстылар әлде жіңішке дауыстылар алдымен қалыптасты ма деген мәселенің аясында сөз болады.

Түркі тілдерінде негізгі айырым белгінің бірі – жуан/жіңішке дауыстылар. Жуан дауыстының әрқайсысына жіңішке дауыстылар сөйкес келеді. Жуан дауыстыларға – *a*, *o*, *ï*, *u* жатса, жіңішке дауыстыларға – *ä*, *e*, *ö*, *ü*, *i* жатады. А.М.Щербак дауыстылардың жуан, жіңішке айырым белгісіне бөліну жолдары графикалық жағынан саралап түсіндіру қиындық тудырғанмен, олардың ата тілде кездескенін айтады [16, 35 б.]. Дәл осы форма ататілде болуы керек. Дегенмен көне түркі тіліндегі сияқты ататілде де дыбыстардың бөлінуі біркелкі болмаған. Мәселен *a/ä*, *o/ö*, *u/ü*, дауыстыларының оппозициясы *i/i* дауыстыларының оппозициясына қарағанда фонологиялық жағынан анығырақ басым болған [16, 35 б.].

Д.Г.Киекбаев жуан сөздердің жіңішке сөздерге ауысуы кең тараған құбылыс деп айтады, ал В.Бангтың түркі тілінің тарихында бұл процесті шиеленісіп кеткен құбылыс деген пікірін А.М.Щербак өз еңбегінде келтіреді [16, 37 б.]. Жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға өту процесі көптеген түркологтардың біразға дейін назарынан тыс қалмады. Қазіргі кезде бірін-бірі толықтыратын пікірлер қалыптасты. В.В.Радлов жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға ауысуын неміс тіліндегі умлаутпен байланыстырады және соңғы буынның бірінші буынға әсерінің нәтижесі деп қорытады. Г.Яррин дауысты дыбыстардың палатализациялануы немесе ашық дауыстылардың тарылуы келесі буындағы *i* дыбысымен байланысты дейді. Б.Мункачи бір буынды сөздердегі дауысты а дыбысының палатализациялануын аңлауға *j*

дыбысының әсерімен байланыстырады. Оны төмендегідей мысалдар арқылы көрсетеді: *jāl 'griva' (<jal), jāhi 'vozrast' (<jahi), jāt 'čужой' (<jat)*; башқұрт тілінде (бір буынды және көп буынды сөздерде) *jāhi 'молодой' (<jahi), jāhiil 'зеленый' (<jahiil)*. А.М.Щербактың пікірінше, осы айтылған пікірлерде дауыстылардың жұмсару процесі фонетикалық қоршаумен (окружение) байланысты [17, 38 б.]. Б.Сағындықұлының пікірінше, тіл алды дауыстылары арқылы айтылатын сөздер мен тіл арты дауыстылары арқылы айтылатын сөздерді өзара салыстырғанда мынадай қорытынды жасауға болады. Тілдердің қисапсыз ұзақ уақыт бойы даму нәтижесінде тіл арты, тіл ортасынан айтылатын дауыстылар да, дауыссыздар да тіл алдына қарай ығысқан.

Жоғарыда берілген ғалымдардың пікірлерін қорытындылай келе, жуан дауысты дыбыстардың қызметі жіңішке дауысты дыбыстарға қарағанда басым және жұмсалу аясы да кең болғанын байқаймыз.

2.4.3 Дауысты дыбыстардың созылыққы/қысқа айырым белгілері. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар саналық, яғни дифференциалды айырым белгісі жағынан ғана емес, сонымен қатар сандық қырынан да дамыған. Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализм жүйесін тол дыбыстарына қарай бірнеше топтарға бөлуге болады. Осы ретте Э.Р.Тенишевтің редакциялығымен шыққан еңбектегі жіктеуге сүйенеміз.

1. Бірінші реттегі дауыстылар мен қысқа дауыстылардың өзара қарсы қойылу жүйесі. Оғыз тобы.

2. Екінші реттегі дауыстылар мен қысқа дауыстылардың өзара қарсы қойылу жүйесі. Алтай тобы.

3. Қысқа мен өте қысқа (сверхкраткий) дауыстылардың өзара қарсы қойылу жүйесі. Қыпшақ тобы.

4. Екінші реттегі көмей және қысқа дауыстылардың өзара қарсы қойылу жүйесі. Қарағас тобы.

А.М.Щербак түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың ұзақтығы (длительность) үш деңгейге құрылғанын айтады. Олар: созылыққы, қысқа, өте қысқа (сверхкраткие). Фонологиялық деңгейде созылыққы мен қысқа, қысқа мен өте қысқа дауыстылар өзара қарсы қойылады.

Түркі тілдеріндегі дауыстылардың созылыққылығы бастапқы немесе бірінші реттегі дауыстылар және екінші реттегі дауыстылар деп екіге бөлінетіні белгілі. Екінші реттегі дауыстылар түркі тілінің дербес дамуымен байланысты, бірінші реттегі дауыстылар ата тілде болғандықтан, жалпы түркі тілімен байланысты екендігі мәлім. Созылыққы дауыстылар алтай, гагауз, қырғыз, түрікмен, тува, хакас, шор, якут тілдерінде ғана бар. Бұл тілдерде созылыққы дауыстылар фонемалық дәрежеге жеткен. Осындағы алғашқы реттегі созылыққылар якут, түрікмен тілдерінде сақталды, ал басқа тілдерде позициялық өзгерістердің нәтижесінде екінші реттегі созылыққы дауыстылар көрініс тапты. Алтайлық, екінші реттегі құбылыс гагауз (сегіз қысқа, жеті созылыққы), қырғыз (сегіз қысқа, алты созылыққы) және өзірбайжан (тоғыз қысқа, алты созылыққы) тілдеріне тән десек.

Мәселен:	қырғыз тілі	қазақ тілі
	маал	уақыт
	мал	мал (мал бағу)

Екінші реттегі созылыққы дауыстылар кейбір тілдерде фонологизацияланып, ал кейбірінде тек фонетикалық мән атқарып, кейін

ізі қалмағал і, татар тілінің говорларында: *түмә* 'пуговица' (< *түмә* < *түімә*), *сүлә* 'говорить' (< *сүлә* < *сөйлә*-), *үрән* 'учиться' (< *үрән* < *өйрән*-) [16, 49 б.].

Созылыңқы дауысты а: дыбысы түрікмен және якут тілдерінде көрініс тапқан. Мысалы: **ja:z* "лето", түрікмен тілінде *ja:z*, якут тілінде *sa:s*.

Кейбір түркі тілдерінде екінші реттегі созылыңқы дауысты дыбыс болды. Мысалы: гагауз, хакас, тува, шор тілдерінде *a:p* "тяжелый" сөзі *aғырдын* қалыптасты.

Кейбір тілдерде созылыңқы а: дауысты қысқарып, а дыбысына айналды *a:>a*. Мысалы: **ta:sh* "камень", түрік тілінде *таш*, алтай тілінде *таш*, қуман тілінде *таш*, ноғай тілінде *тас*, қазақ тілінде *тас*, қарақалпақ тілінде *тас*, хакас тілінде *тас*, қарашай-балқар тілінде *таш*, ұйғыр тілінде *таш*, өзірбайжан тілінде *даш*.

Түркі тілдерінің көне доуірінде созылыңқы дауыстылар болған ба деген мәселе көптеген ғалымдардың арасында пікірталасқа айналды. Зерттеушілердің бір тобы түркі негіз тілінде болған десе, бір тобы және тілдердің даму процесінде қалыптасқан деп есептейді. Созылыңқы дауыстылар Орхон-Енисей ескерткіштерінде және М.Қашкаридің "Диуанында" айрықша белгімен берілген. Бұған қарап М.Томанов созылыңқы дауыстылар кейін пайда болған деп тұжырымдайды.

А.М.Щербак ата тілде созылыңқы/қысқа айырым белгісіне негізделген дауыстының фонологиялық жүйесі сегіз қысқа және сегіз созылыңқы дыбыстан тұрғанын айтады. Сөйтіп, ата түркі тіліндегі вокализм жүйесі он алты дауысты дыбысты құраған:

a o y i ä ö y i

a: o: y: i: ä: ö: y: i: [17, 76 б.].

Он алты дауыстының сегізі қысқа болса, сегізі созылыңқы дыбысқа жатады. Ғалым қазіргі түркі тіліндегі дауысты дыбыстар ата түркі тіліндегі осы он алты дауысты дыбыстан қалыптасты деген тұжырым жасайды. Түркі тілдерінің кейбір тілдерінде созылыңқы сипаттағы дауысты мен қысқа сипаттағы дауысты дыбыстардың өзара қарсы қойылу белгісі жойылса, кейбір тілдерде сақталғандығын айтты. Ол тілдердің қатарына алтай, гагауз, қырғыз, тофалар, тувин, түрікмен, хакас, шор, якут тілдері жатқызылды. Кейбір еңбектерде ата түркі тіліне он алты дауысты дыбыс төн деп көрсеткенмен: *a, ä, o, ö, y, i, u, ü* және *a:, e:, o:, ö:, y:, u:, ü:* ерекшелігі болды. Зерттеуші ғалымдардың он алты дауыстыны берудегі айырмашылығы е және *ä* дыбыстарында жатыр. Он алты дауысты дыбыстан тұратын вокализм жүйесінің екінші түрі біраз қиындық тудырады. Себебі қысқа *ä* дауысты бар жерде созылыңқы *ä:* дыбысы, ал қысқа *e* дыбысы бар жерде созылыңқы *e:* дауысты болу керек. Сондықтан А.М.Щербактың түркі ата тіліне негізделген он алты дауысты дыбыстар жүйесі көңілге қонымды.

Этимологиялық сөздікте созылыңқы а: дыбысы *a:w* "охота", *a:j* "луна", *a:k* "белый" *a:s/z* "мало" сияқты сөздерде, сондай-ақ қысқа а дауысты *al* "брат", *ant* "клятва", *at* "лошадь" сөздерінде кездесіп отырды. Көне түркі тіліндегі қысқа а дауысты дыбысы қазіргі түркі тіліндегі көптеген тілдерде сақталған. Мысалы: көне түркі тіліндегі **at*, түрік тілінде *ат*, ұйғыр тілінде *ат*, қуман тілінде *ат*, қарашай-балқар тілінде *ат*, гагауз тілінде *ат*, қырғыз тілінде *ат*, ноғай тілінде *ат*, қазақ тілінде *ат*, якут тілінде *ат*. Татар, башқұрт тілдерінде *a>ä*-ға айналды. Мысалы: көне түркі тілінде *бақыр*, қазақ тілінде *бақыр*, түрік тілінде *бақыр*, ноғай тілінде *бақыр*, татар тілінде *бақыр*, башқұрт тілінде *бақыр*. Чуваш әдеби тілінде *a>у* алмасуы

байқалады. Мысалы: **тап* “находить”, қырғыз тілінде *тап-*, қазақ тілінде *тап-*, түрік тілінде *тап-*, чуваш тілінде *туп*. Осыған сөйкес Р.Федотов “Из этого фонетического закона есть исключения. Причиной их являются звуковые изменения, осуществившиеся в чувашском языке в более позднее время” деген пікір ұсынады. Өзбек тілінде *а>б* айналды. Мысалы: көне түркі тілінде *бат*, қазақ тілінде *бат*, ноғай тілінде *бат*, қырғыз тілінде *бат*, өзбек тілінде *бот*.

Жоғарыда аталған пікірлерден түркі тілдерінде созылыққы/қысқа айырым белгідегі дауысты дыбыстар кейбір тілдерде сақталса, кейбір тілдерде көрініс таппағанын көрсетіз.

2.5 Түркі тілдеріндегі жеке дауыстылардың даму тарихына қысқаша шолу. Түркі тілдерінде дауысты а фонемасы ылғи да бірінші буында келіп отырады. Мысалы: *ат* “лошадь”. Көне түркі тілінде — *ат*, тур. *ат*, ұйғ. *ат*, құм. *ат*, қ. балқ. *ат*, гаг. *ат*, қар. *ат*, қырғ. *ат*, ноғ. *ат*, қазақ тіл. *ат*, алт. *ат*, якут. *ат*. Бұдан а дауыстысының көне түркіден келе жатқан дыбыс екенін көруге болады. А.М.Шербак тек ашық, жуан дауысты а дыбысы ғана өзгеріссіз сақталған дейді [17, 34 б.]. Көне түркі сөзіндегі АС (голодный), *kečä jatça taŋta jana ač turur* вечером ляжет [сытым], а утром снова голодный встает. Осы жерден көріп отырғанмыздай, бір сөйлемде а дыбысына қатысты бірнеше сөз кездеседі және а дыбысы алғашқы буында келіп отырады.

Дегенмен татар, башқұрт және басқа чуваш тілдерінде көп буынды сөздің бірінші буынындағы дауысты /а/ дыбысы лабиализацияланып, тіл сөл артқа жылжып айтылған /ǎ/. Мысалы, көне түркі тілінде *қара* “черный” сөзі қазақ тілінде *қара*, ал татар тілінде *қара*, сол сияқты көне түркі тілінде, оның ішінде қазақ, түрік, өзірбайжан тілдерінде *ат* “лошадь”, ал татар, башқұрт тілдерінде *ǎт* болып келген. Сонымен қатар өзбек тілінде де дауысты а дыбысы о дыбысына айналған: *баи* “голова” өзбек тілінің кей жерлерінде *бош*. Ұйғыр тілінде дауысты /и/ дыбысының әсерінен дауысты /а/ дыбысы умлаут сипатында болған: *ети* “его лошадь” *аты* орнына. Ал тувин және якут тілдерінде дауысты а дыбысы қысаң *і* және *ї* дыбыс болып берілді: *тув. ті’и* -находить’ (<**тап-*), *тірт* -тащить’ (**тарт-*); якут *т. сит* -лежать’ (**ват-*), *ит* -стрелять’ (<**ат-*), *іл* -брат’ (<**ал*).

А.М.Шербак түркі сөздерінде дауысты а-ы (і) дыбыстарының түрлі позицияда алмасу құбылысының себебін түсіндіру қиындық келтіретінін айтады. Ғалымның тұжырымы бойынша: “Появление ы (і) на месте а невозможно объяснить ни характером вокализма первых слогов, ни особенностями непосредственного фонетического окружения: изменение а в ы (і) наблюдается в начале слова, после любых согласных и перед любыми согласными независимо от качества гласных следующего слога” [17, 145 б.]. Ғалым бұл құбылыс көне түркі тілінде тандай дауысты үйлесімінің бұзылып, лабиалды дауыс үйлесімінің түзілуіне өкелгенін айтады [17, 76 б.]. Б.А.Серебренников қазіргі түркі тілдерінің бай мәліметтеріне сүйене отырып, а дауыстының ы дауыстыға айналу процесін түбір және аффикс құрамында қарай келе: “Аффикс құрамындағы дауысты ы дыбысы а дыбысынан түркі тіліндегі екпін алғашқы буынға түскен уақытта, редукция құбылысының нәтижесінде пайда болған. Дегенмен дауысты а дыбысы сақталған. Көне түркі тілінде түрлі интонация бар болып, соның бірі а дыбысын ы-ға айналдыруы мүмкін. Тіпті антропофоникалық көзқарас арқылы да интонацияның әсерін түсіндіріп беру мүмкін емес”, — деген тұжырым келтіреді.

М.Рясянен дауысты а дыбысының жіңішке дауысты дыбысқа айналу процесін былайша көрсетеді: а>ă, е дауыстылары таранны және кейбір өзбек тілдерінде і-умлаутпен бірге қолданылады. Ғалым дауысты а дыбысының дауыстылар ă, е дыбыстарына айналу процесін j және z дыбыстарымен байланыстырады: тат. *zaj* “лето”: *zäs* “молодой”, банк. *jäs*. Дегенмен М.Рясянен бұл құбылыстың өте ертеден келе жатқанын мысалдар арқылы көлтіреді: кум. *re-x=jäik<jajuk* “река Урал”. Дауыстылар а>ă, е дыбыстарының алмасуы j және z дыбыстарына тәуелсіз дамуы да мүмкін екендігін айтады: тат. *bärän* “ягенок” < *baran*, *är* “мало” < *az*.

“Көне түркі тілдеріндегі жекке дауыстылардың даму тарихына қысқаша шолу” атты тарауында көне түркі тілінен қалыптасып келе жатқан дауысты дыбыстардың әрқайсысына жекке-жекке жоғарылағы үлгі бойынша талдау жасалды.

3 Түркі тілдеріндегі вокализмдердің салыстырмалы-сипаттамалы аспектіде зерттелуді деген үшінші тарау “Қазақ, өзбек, татар тілдеріндегі дауысты фонемаларды талдау жайында”, “А/Ә фонемаларының фонетика-фонологиялық сипаты”, “О/Ө фонемаларының фонетика-фонологиялық сипаты”, “Е фонемасының фонетика-фонологиялық сипаты”, “Ы/І фонемаларының фонетика-фонологиялық сипаты”, “Ү/Ү фонемаларының фонетика-фонологиялық сипаты” атты тараушалардан тұрады.

Жұмысымызда қазақ, өзбек, татар әдеби тілдеріндегі дауысты дыбыстарының ұқсастықтары мен ерекшеліктері салыстырылады. Қазақ, татар тілдері қыпшақ тобына кіргенмен дауысты дыбыстар жүйесінде біраз ерекшеліктер байқалады. Ал қарлұқ тобына кіретін өзбек тілінде сингармонизм заңдылығы сақталмағаны белгілі, дауысты дыбыстар жүйесі алты вокализмнен тұрады. Олай болса, алдыңғы тарауларда талданған көне түркі тіліндегі бөріне ортақ дауысты дыбыстардың жүйесі қазіргі өзбек, татар, қазақ тілдерінде салыстырмалы әдіс арқылы сараланып, қазіргі тілдік тұрғыдан фонетика-фонологиялық ерекшеліктері сипатталады. Тілдерді бір-бірімен салыстыру фонетикалық деңгейде жүреді, яғни дыбыс типтері анықталып және оған физиологиялық сипаттама беріледі.

Қыпшақ, оғыз, қарлұқ-шегеле-үйғыр тілдерінің негізінде қалыптасқан өзбек тілі күрделі диалектілерге құрылған, ол көптеген говорлардан тұрады. Өзбек тілінің түркі тілдерінен ерекшелігі сингармонизм заңдылығының сақталмауы. Мүлтің тілдік ерекшеліктер еріндіктің ғана емес, тілдік жағынан да үйлеспейді. Алайда кейбір говорлар қатарында сингармонизм заңдылығы байқалады. Өзбек тілінің фонетикасын алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйелеп жазған Е.Д.Поливанов дауысты дыбыстардың алты түрін а (ашық о), ä (э мен а-ның ортасында), о (мейлінше жабық), у, е (мейлінше жабық э), і көрсетеді. Ғалым көрсетіп отырған алты дауысты дыбыс жақ пен тілдің қатысына қарай жіктеледі. Сондай-ақ өзбек тіліндегі фонологиялық жүйенің дамуына тәжік тілінің әсері барын айтады. А.К.Боровков та өзбек тіліндегі алты дауысты дыбыстың түрін и, у, э, ў, а, о береді де, ä дауыстының орнына ў дыбысын көрсетеді. Себебін а дауысты дыбысы а және ө вокализмдерінің орнына жүруімен байланыстырады, яғни екі дыбысты бір әріп таңбалаған. А.Махмұдов өзбек әдеби тіліндегі алты фонеманы а, е, и, о, у, ў көрсете отырып, жуан/жіңішке, ашық/қысаң және еріндік/езулік белгісіне қарай бөледі [18, 52 б.]. Мәселен,

жуан/жіңішке айырым белгесіне қарай:

таш (наружная сторона)	—тош (камень)
теш (пробивать)	—түн (групп)

тиш (зубы) — туш (сон)
 еріндік/езулік айырым белгісіне қарай:
 тош — таш
 түш — теш
 туш — тиш
 ашық/қысаң айырым белгісіне қарай:
 таш — тош
 теш — түш
 тиш — туш

Жоғарыда берілген мысал арқылы А.Махмұдов мынадай түйін жасаған: “Жуан/жіңішке айырым белгісіне қарай тіл арты дауыстылары мен тіл алды дауыстылары өзара қарсы қойылады: (о-а), (ү-э), (у-и). Ашық/қысаң айырым белгісіне қарай анық дауыстылар (а, о) мен қысаң дауыстылар (и, у) өзара қарсы қойылады, жартылай қысаң (э, ү) мен анық дауыстылар (а, о) өзара қарсы қойылады, қысаң дауыстылар (и, у) мен жартылай қысаң (э, ү) дауыстылары өзара қарсы қойылады”. Еріндік/езулік айырым белгісіне қарай еріндік дауыстылар (о, ү, у) мен езулік дауыстылар (а, э, и) өзара қарсы қойылады. Бұдан ғалымның өзбек тіліндегі дауысты дыбыстарды фонема деңгейінде қарастырғанын көруге болады.

Татар тілі қыпшақ тобына жатады. Татар тілінің орталық, батыс немесе минарлық, оңтүстік немесе сібір татарлары диалектілері бар. Татар әдеби тілі қазақ-татар диалектісіне негізделген. Диалектіге орай дауысты дыбыстардың да құрамы әртүрлі. К.Насыри “Анмузадж” атты алғашқы тилдік еңбегінде татар тілінде 10 дауысты дыбысты а, ә, у, о, ы, е, и, ый көрсетеді. В.А.Богородицкий да татар әдеби тілінде 10 дауысты а, ä, у, ү, ы, і, о, о, ы, и дыбыс бар деп көрсетеді, ый дыбысын жеке фонема ретінде алып, оны жазбада ы әрпімен таңбалайды: алды — обманываест (қазіргі татар тіл білімінде алдый), қары — смотрит (қарый), сызлы — болит, поет (сызый). Ф.Г.Исхаков қазіргі татар әдеби тіліндегі 12 дауысты дыбысты көрсетеді. Оның ойынша, орыс тілінен үш дауысты о, э (е), ы дыбыс кірген, ый дыбысын жеке фонема деп есентемейді. Себебі татар әдеби тілінің өзіне тән төл 9 дауысты дыбысын көрсетеді: а, ә, о, ы, у, ү, ы, э, и, яғни орыс тілінен енген дыбыстарды қоспаған.

Қазіргі татар әдеби тілінде 13 дауысты дыбыс аталып жүр. Оның 10 дауыстысы а, ә, у, ү, ы, э (е), о, ы, и, и төл дыбыстар болып есентелсе, қалғаны о, э (е), ы орыс тілінен енген болып есентеледі. Келесі тарауларда қазақ, өзбек, татар әдеби тілдерінің дауысты дыбыстарын осы вокализм жүйесіне сүйеніп талдаймыз.

3.1 А/Ә фонемаларының фонетика-фонологиялық сипаты. А фонемасы түркі тілдерінің ішінде қазақ, өзбек, татар тілдерінде акустика-артикуляциялық жағынан әртүрлі жасалады. Жасалу жолдарының ерекшелігі оң тілдерді бір-бірінен даралап көрсетеді. Сонымен қатар ортақ заңдылықтарға да негізделеді. Оның негізі түбі бір түркі тілдерінде жатыр.

“Қазақ грамматикасында” дауыстылар дыбыстың жасалымы (артикуляциясы) және айтылымы (акустикасы), сондай-ақ дыбыстың естілімі (перцепциясы) тұрғысынан талданады. Жасалымы тұрғысынан: а дауысты жақ қатысына қарай — анық, ерін қатысына қарай — езу, жасалу орнына қарай — тіл арты деп берілсе, айтылым белгісіне қарай комей қуысты кең шығысты дауысты, ал естілім белгісі тұрғысынан жуан, анық езу бұзеді дауысты дыбыс деп келеді.

А фонемасы — өзбек тілінде ерекше дауысты. А фонемасы тіл ортасы дауысты дыбысына жатады. Осыған сөйкес В.В.Решетов: “Имеют свои специфические особенности произношения гласные и, у, і, а литературного узбекского языка, относимые нами к индифферентным звукам” дейді. А фонемасы өзбек тілінде — анық, тіл ортасы, сзулік дауысты.

Сөздің басында, ортасында, аяғында келе береді: *арна (арна), дада (эке), далада (далада)*. Сонымен қоса өзбек тіліндегі а фонемасымен қатар о фонемасы да қазақ тілінде а фонемасына сөйкес келеді, яғни қазақ, татар тілдеріндегі құрамында а дауыстысы бар сөздерге өзбек тілінде о сөйкес келеді. Өзбек тіліндегі о-ны айтқанда, тіл а фонемасын айтқандағыдан да әрі қарай жиырылады. Тілдің ұңғы астыңғы тіске тимей, төменгі иек мейлінше төмен түседі, яғни о — тіл арты, анық, сзулік фонема. Ауыздың кең ашылуынан жасалатын анық о қатар келген дауыссыздардың әсерінен екі түрлі мәнде айтылады. Қ, ғ, х дауыссыздарымен қатар келгенде тіл арты, басқа дауыссыздармен келгенде тіл алды синатына ие болады.

Өзбек тіліндегі о, басқа түркі тілдеріне қарағанда, өзіндік ерекшелігі бар фонема. Еріндік мәнде айтылатын о өзбек тілімен қоса татар, башқұрт тілдерінде кездескенімен, өзбек тілінде ғана фонологиялық мәні бар.

О фонемасын зерттеген ғалымдардың пікірі әртүрлі. Кейбір ғалымдар өзбек тіліндегі а сзулігінің еріндікке айналуын өзбек халқының құрамына орта ғасырларда иран тектес халықтардың сңісіп кетуінің тигізген әсері деп қараса, кей зерттеушілер а-ның анық о-ға айналуын өзбек тілінің өзіндік ерекшелігімен байланыстырады. Ғалым А.Н.Кононовтың найымдауышша, а дауыстысының екі фонемата, яғни а, о фонемаларына бөлінуімен байланыстырады. Өзбек тіліндегі о фонемасының пайда болуына байланысты екі түрлі пікір бар. Бір топ ғалымдар бұл құбылысты субстрат теориясы десе, екінші топтағылар өзбек тілінің дамуының ішкі заңдылықтарының әсері деп қарайды.

А — татар тілінде тіл арты, еріндікке жуық сзулік, анық дауысты фонема. Бұл фонема таза сзулік дауысты дегенге келмейді. Себебі басқа түркі тілдерінен (қазақ, өзбек) ерекшелігінің өзі еріндікке жақын. А фонемасының еріндікке жуық айтылуы сөздегі қалпына байланысты. Сөздің басынан алшақтаған сайын, бұл дыбыс еріндік қалпын жоғалта түседі. Сонымен қатар еріндік және тіл арты дауыссыздары әсер етеді. Мысалы: *а°лм°а°ч* “алма ағаш”, *ба°ла°ла°р* “балалар”. Оте күшті а дауысты фонемасын қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, алтай тілдерінен кездестірсек, ал дыбысталуы жағынан көмескі естілетін а фонемасын татар, башқұрт, чуваш, якут, түрік, әзірбайжан, түркмен тілдерінде кездестіреміз.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақ, татар, өзбек тілдеріне арналған сөздік арқылы осы тілдерден мысалдар келтірейік:

Қазақ тілі	татар тілі	өзбек тілі
<i>ат</i>	<i>ат</i>	<i>от</i>
<i>бас</i>	<i>бас</i>	<i>бош</i>

Өзбек тіліндегі о фонемасының басқа түркі тілдеріндегі а-ға сөйкес келуімен қатар бірқатар сөздер өзбек тілінде де а сзулігімен айтылады, салыстырылған отырған тілдер арасында да байқалады.

Қазақ тілі	татар тілі	өзбек тілі
<i>ақыл</i>	<i>ақыл</i>	<i>ақл</i>

Жұмыста қазақ, татар, өзбек тілдеріндегі басқа да дауысты дыбыстар осы ретпен фонетика-фонологиялық тұрғыдан талданды.

Жұмыстың қорытындысында зерктеу нысанына тікелей қатысты мына жайлар көрсетіледі. Диахрониялық фонологияның нысанына айналған дауысты дыбыстардың фонологизациялану процесі бірнеше кезең аралығында қалыптасты. Айталық, алтайға дейінгі дәуір, алтай дәуірі, түп дәуірі, көне түркі дәуірі, қазіргі дәуір. Алтайға дейінгі дәуірде дербес грамматикалық құрылымдағы дауысты дыбыс буып түзуді ғана мәнде болған. Негізінен дауыссыздар жүйесімен тұрып, әр дауыссыз фонемадың сегіз вариантын берген. Осы дәуірде анық/қысаң, жуан/жіңішке, еріндік/суздік айырым белгілері бүтін сөзге ортақ болды. Алтай дәуірінде атипотипациялық мәнге ие болған түркі тілдері түбір морфема мен қосымша морфема жүйесін түзді. Осы дәуірде вокализм негізгі екі фонема деңгейіне көтерілді. Олар а және у дауысты дыбыстары. Дауысты у дыбысының аллофондары ретінде *i, u, ü* жұмсалса, а дыбысының аллофондары *e, o, ö* болды. Ал айырым белгілердің ішінен анық/қысаң бөлініп шықты. Консонантизм жүйесінде лабиал және палатал айырым белгісіне қарай әр фонема төрт вариантта жұмсалды. Бұндай қалып қазіргі түркі тілдерінің аффикс морфемасында көрініс табады. Палатал және лабиал айырым белгілері сингармонизм заңдылығы бойынша реттелін, сөзге ортақ болып келді. Оның ізі қазіргі түркі тілдерінде сақталды.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстар жүйесі ең алғаш он алты дауыстылардан қалыптасты деген тұжырымда бар. Бұл жерде тілдің даму барысында сегіз қысқа дауысты дыбыс жүйесі түркі тілдерінің кейбірінде көрініс тапса, ал кейбірінде созылымдық дауысты дыбыс жүйесі жұмсалатынын байқаймыз.

Ең алғаш дыбыс үш немесе он алты дауыстыдан қалыптасты десек те, түркі ата тілінде сегіз дауысты дыбыс жүйесі болған деген тұжырымға тоқталамыз. Себебі лингвистикалық болжамға сүйенсек, түп дәуірінің өзінде дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстарға қарағанда көмескі позицияда болғанмен, сегіз дауысты дыбыстың функциялық мәнін көреміз. Осы дауысты дыбыстар тіл-тілге қарай жіктелін, дамуына байланысты әр тілдің өз вокализмінің ерекшелігі болды. Оны дауысты дыбыстардың даму жолынан байқауға болады.

Қазіргі түркі тілдерінде әр тілдің дауысты дыбыс жүйесінде ерекшелігімен қатар құрамы да әртүрлі. Айталық, өзбек тілінде алты, қазақ тілінде тоғыз, татар тілінде он бір. Осы үш тілдің дауысты дыбысын салыстыру барысында ерекшелік байқалады. Акустика-артикуляциялық жағынан, сингармонизм заңдылығына байланысты айырмашылықтар көрінеді.

Қорыта келгенде дауысты дыбыстардың фонологизациялану процесі тілдің даму барысында конвергентті, дивергентті және т.б. құбылыстардың негізінде қалыптасты. Түркі ата тілінде ортақ сегіз классикалық дыбыс жүйесін құраған вокализм тілдерге қарай жіктелін, әрқайсысы ерекше синтагма ие болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Базарбасва З.М. Фонологизация құбылыстарының тарихи негіздері// Академик Рабига Сыздық және қазақ тіл білімінің негіздері. Алматы, – 2004. – Б.127-131.
- 2 Журавлев В.К. Диахроническая фонология. – Москва: Наука, 1986. – 214 с.
- 3 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Ч.1. – Сібі, 1894.
- 4 Radloff W.W. Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882.

- 5 Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. -- Алма-ата, 1981. -- 170 с.
- 6 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -- Алматы, 1992. -- 446 б.
- 7 Жұбасва О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: Филолог. ғыл. канд. дисс. --Алматы, 2002. --174 б.
- 8 Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика). -- Алматы, 1962. -- 303 б.
- 9 Арқабас Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша эподтер. -- Алматы, 1988. -- 144 б.
- 10 Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке. -- Алма-ата: Наука, 1980. --78 с.
- 11 Сағындықұлы Б. Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық сипаты. --Алматы, 1994. --329 б.
- 12 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. -- Москва: Наука, 1988. -- 207 с.
- 13 Айдаров Ғ., Томанов М., Құрыпжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. -- Алматы: Мектеп, 1971. -- 272 б.
- 14 Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. -- Алматы, 1986. --328 с.
- 15 Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм. -- Москва: Наука, 1965. --129 с.
- 16 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. --Москва: Наука, 1984. --484 с.
- 17 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. -- Ленинград, 1970. -- 201с.
- 18 Махмұдов А. Гласные узбекского языка. --Ташкент, Фан, 1968. -- 59 с.

Диссертацияның мазмұны мынадай басылымдарда жарияланды

- 1 Қазақ фонетикасының зерттелу жайы // Тілтаным. №4 (16). -- Алматы, 2004. --Б. 139-145.
- 2 Көне түркі тілдеріндегі дауыстылардың сипаты // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. --Алматы. №7 (89). 2005. --Б. 41-44.
- 3 Қазақ вокализмінің даму жолдары // ҚР ҰҒА Хабарлары 1 (155). -- Алматы, 2006. --Б. 72-75.
- 4 Тарихи фонетика: дауыстылардың фонологизациялану құбылыстары // “Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімі мәселелері”. --Алматы, 2004, --Б. 367-375.
- 5 Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі дауысты дыбыстардың көрінісі // “Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері”. Алматы, --2004. --Б. 159-161.
- 6 А -- фонемасының қазақ, татар, өзбек тілдеріндегі акустика--артикуляциялық сипаты // “Академик Ш.Ш. Сарыбаев және қазақ тіл білімінің мәселелері”. --Алматы: “Дайк-Пресс”, 2005. --Б. 441-447.
- 7 Түркі тілдеріндегі айырым белгінің (ашық/қысаң) тарихи сипаты // “Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт”. --Алматы, 2006. --Б. 177-183.

РЕЗЮМЕ

на автореферат диссертации на соискание ученой степени
кандидата филологических наук по специальности
10. 02. 06 — тюркские языки

ЖУМАБАЕВА ЖАНАР ТОЛЕНДИЕВНА

**Процессы фонологизации гласных в тюркских языках
(на материале казахского, татарского и узбекского языков)**

Актуальность исследования. Диссертационная работа посвящена выявлению и описанию процессов фонологизации гласных звуков в тюркских языках. Развитие фонетической системы любого языка представляет собой непрерывный процесс постоянного совершенствования звукового выражения. Современное состояние фонетической системы тюркских языков прошло несколько этапов исторического развития в связи с развитием мышления и обогащением языка новыми понятиями и лексикой. Под влиянием заимствованной лексики и по внутренним закономерностям самих языков шел процесс фонологизации, превращение простейших звуков-аллофонов по определенному дифференциальному признаку в самостоятельные фонемы.

Развитие аллофонов в самостоятельные фонемы, значимые смыслоразличительные единицы, происходило в результате универсальных процессов фонологизации, свойственной всем языкам. В данной работе расширение фонологических функций аллофонов и приобретение ими фонематического статуса рассматривается в рамках диахронической фонологии. Фонема интерпретируется как категория исторически изменяющаяся, результат развития звуковых оттенков (аллофонов). Исследование вопросов исторической фонетики на фонологическом уровне представляет большой интерес, так как ранее в казахском языкознании изыскания подобного рода не проводились. Таким образом, изучение процессов фонологизации в диахроническом аспекте определяет актуальность данного исследования.

Объект исследования. Процессы фонологизации в тюркском вокализме.

Цель и задачи исследования. Целью исследования является выявление и описание гласных звуков в пратюркском языке на основе исторической периодизации и процессов фонологизации. Для достижения этой цели необходимо решить следующие задачи:

- Определить историческую периодизацию развития тюркского вокализма в рамках диахронической фонологии;
- Выявление пратюркского вокализма методом внутренней ретроспективной реконструкции на основе фонетико-фонологических закономерностей гласных звуков современных тюркских языков;
- Опираясь на процессы конвергенции и дивергенции, проследить

процессе расширения функций аллофонов и пути их превращения в самостоятельные фонемы;

- Показать общие и частные закономерности в развитии вокализма казахского, татарского и узбекского языков на основе сравнительно-сопоставительного анализа.

Научная новизна и результаты исследования:

- Описаны процессы фонологизации в пратюркском вокализме, являющиеся одним из наиболее важных явлений диахронической фонологии;

- Рассмотрены пути становления восьми пратюркских гласных, прошедших через процессы конвергенции и дивергенции, в различные исторические периоды развития;

- На основе сравнительно-сопоставительного анализа современных тюркских языков описаны фонетико-фонологические процессы, происходящие в пратюркском вокализме;

- В рамках процессов фонологизации гласных звуков в диахроническом аспекте описаны основные дифференциальные признаки фонем, как открытость-закрытость, твердость-мягкость, краткость-долгота;

- Определены фонологические закономерности и пути развития пратюркского вокализма в результате сопоставления существующих моделей фонологических структур анализируемых языков.

Методы исследования. В диссертации использовались сравнительно-исторический метод, типологический метод, фонологический метод, компонентный анализ. Фонологические закономерности рассматривались в диахроническом и синхроническом плане, в проспекции и ретроспекции.

Теоретическая и практическая значимость исследования.

Результаты исследования, являясь существенным вкладом в развитие исторической фонетики тюркских (казахского) языков, открывают большие перспективы в дальнейших изысканиях не только в области исторической (диахронической) фонологии, но и исторической грамматики, исторической лексики. Полученные данные могут быть полезны также в решении некоторых вопросов этимологии. Практическая значимость исследования состоит в том, что результаты и теоретические положения могут быть использованы при написании учебных пособий, чтении спецкурсов по исторической фонетике в высших учебных заведениях.

Материал исследования. Материалом исследования послужили примеры, извлеченные из древнетюркского словаря, этимологического словаря, русско-татарского, русско-узбекского, русско-каракалпакского, а также толковых словарей.

Степень внедрения. Основное содержание работы изложено в научных статьях, опубликовано в материалах международных и республиканских конференций, обсуждено на теоретическом семинаре и на расширенном заседании отдела фонетики Института языкознания им. А. Байтурсынова МОН РК.

RESUME

On the author's dissertation synopsis on a grace of
Cand.Phil.Sci. scientific degree
on a specialty
10.02.06 - Turkic languages

ZHUMABAEVA ZHANAR

Processes of vowel's phonologization in Turkic languages
(on a material of the Kazakh, Tatar and Uzbek languages)

Urgency of research. Dissertational work is devoted to revealing and description of vowel sounds phonologization processes in Turkic languages. Development of any language's phonetic system represents continuous process of constant sound expression perfection. The modern condition of Turkic language's phonetic system has passed some stages of historical development in connection with the development of thinking and enrichment of language by new concepts and lexicon. The process of phonologization there was under influence of the borrowed lexicon and internal laws of languages, transformation of the elementary sounds - allophones to the certain differential attribute in independent phonemes.

Development of allophones in independent phonemes, significant different-meaning units occurred as a result of universal phonologization processes, peculiar to all languages. In the given work expansion of phonologic allophones functions and purchasing by them the phonemic status is considered in frameworks of diachronic phonology. The phoneme is interpreted as historically changing category, as the result of sound shade's development (allophones). Research of the historical phonetics' questions at phonologic level represents the big interest as earlier the research of a similar sort were not carried out in the Kazakh linguistics. Thus, studying of phonologization processes in diachronic aspect defines all urgency of the given research.

Object of research. Phonologization processes in Turkic vocalism.

The purpose and problems of research. The purpose of research is revealing and description of vowel sounds in parent-Turkic language on the basis of historical division into periods and the processes of phonologization. It is necessary to solve the following problems for the achievement of this purpose:

- To determine historical division into periods of the Turkic vocalism developments in frameworks of diachronic phonology;
- Revealing of Turkic vocalism by method of internal retrospective reconstruction on the basis of phonetic-phonologic laws of vowel sounds of modern Turkic languages;
- Basing on processes of convergence and divergence to track the process of

allophones function's expansion and ways of their transformation to independent forms;

- To show the common and private laws in vocalism development of Kazakh, Tatar and Uzbek languages on the basis of the rather - comparative analysis.

Scientific novelty and results of research:

- There are described the phonologization processes parent-Turkic vocalism, being one of the most important phenomena of diachronic phonology;

- There are considered the ways of eight parent-Turkic vowels-making, lasting through the processes of convergence and divergence during the various historical development periods;

- There are described the phonetic-phonologic processes happened in parent-Turkic vocalism on the basis of the rather - comparative analysis of modern Turkic languages;

- Within the framework of phonologization processes there are described such vowel sounds in diachronic aspect with the basic differential attributes of phonemes, as openness - closeness, hardness - softness, brevity- longitude;

- There are determined phonologic laws and ways of parent-Turkic vocalism's development as a result of existing model's comparison in the phonologic structures of analyzed languages.

Methods of research. In the dissertation there were used rather historical method, a typological method, and also componential analysis. Phonologic laws were considered in diachronic and synchronic plan, in prospecting and retrospection.

The theoretical and practical importance of research.

Results of research, being the essential contribution to the historical phonetics of Turkic (Kazakh) language's development, open the big prospects in the further researches not only in the field of historical (diachronic) phonology, but also in sphere of historical grammar and historical lexicon. The received data can be useful also in the decision of some etymology questions. The practical importance of research will be in the fact that results and theoretical positions can be used at spelling of manuals, readings of special courses on historical phonetics in higher educational institutions.

Material of researches. As a material of research it has been served the examples taken from ancient-Turkic dictionary, etiology dictionary, Russian-Tatar, Russian-Uzbek, Russian-Kara kalpak, and also explanatory dictionaries.

Degree of introduction. The basic contents of the work is stated in science articles, published materials of the international and republican conferences, discussed at theoretical seminar and at the expanded session of Phonetics department at Linguistics Institute by the name of A.Bajtursynov of the Kazakhstan Education Ministry.

Басуға 22.08.2006 ж. қол қойылды. Пішімі 60х90 $\frac{1}{16}$.
Әріп түрі “Таймс”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 1,5.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 69.

“Мұрагер” баспаханасы